

## **Павлодар облысы Ақсу қаласы Пограничный селолық округінің әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы**

Павлодар облыстық мәслихатының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 91/9 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 11 қаңтарда N 2861 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11 бабының 3) тармақшасына, Павлодар облысы Ақсу қаласы мәслихаты мен әкімдігінің 2004 жылғы 27 қазандағы (III сайланған XI сессиясы) "Пограничник селолық округінің N 1 бөлімшесін тарату және оның аумағын Павлодар облысы Ақсу қаласының Пограничник селолық округі Пограничник селосының құрамына қосу туралы" N 66/9 бірлескен шешіміне, облыс әкімдігінің, облыс әкімдігінің 2004 жылғы 17 қарашадағы "Павлодар облысының Ақсу қаласы Пограничный селолық округінің әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" N 273/9 қаулысына сәйкес облыстық Мәслихат пен облыс әкімдігі ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Павлодар облысы Ақсу қаласы Пограничный селолық округінің әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

- Пограничный селолық округінің N 1 бөлімшесі елді мекен мәртебесінен айырылуына байланысты таратылсын және кейіннен есептік деректерден шығарылсын;

- аталған бөлімшенің аумағы Ақсу қаласы Пограничный селолық округі Пограничник ауылының құрамына енгізілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық Мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау және ақпараттық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Сессия төрағасы А. Гуськов*

*Облыс әкімі Қ. Нұрпейісов*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы Р. Гафуров*